

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің
Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервтің
материалдық құндылықтарын (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен)
шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.
Янушкевич көшесі, 2

2015 жылғы 11 қараша
сағ.11.00

Тендерлік комиссия құрамы: А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы,

комиссия мүшелері: А.Т. Қадырбеков – ММРК төраға орынбасары, С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, Н.Ғ. Айғараев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысы, Е.Е. Арпабаев – ММРК Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасы басшысы, М.Ж. Орынбаев – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Т.А. Лигай – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының бірінші орынбасары, Н.М. Иманбаев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының бас сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: Е.А. Қиялбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының орынбасары, қызметтік іссапарда).

Күн тәртібі:


1. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен № 1, 2, 5, 7, 8 және 9 лоттарын алып тастау.

2. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 3 латтың материалдық құндылықтардың көлемін азайту.

3. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін № 27 лотпен толықтыру.

Күн тәртібі мәселесін қарау мен талқылау нәтижесінде тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен 2015 жылғы 29 қазандағы № 861 «Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес шығарылуына байланысты № 1, 2 лоттары және «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі ҚР Заңының 12-бабының 4-тармағына және жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін айналым процестеріне жібермеуге қатысты ҚР Бас прокуратурасының 2015 жылғы 14 тамыздағы түсініктемесіне сәйкес № 5, 7, 8, 9 лоттары алып тасталсын.



2. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 3 латтың материалдық құндылықтардың көлемі 2015 жылғы 29 қазандағы «Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 861 қаулысына сәйкес шығарылуына байланысты азайтылсын.

3. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі № 27 лотпен толықтырылсын.

4. 2015 жылғы 11 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын. Бұл ретте № 27 лот бойынша үміткерлердің өтінімдері 2015 жылғы 11 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі (www.kgmr.gov.kz) сайтқа орналасқаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін қарастырылатын болады.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 11 қарашадағы сағ. 11.25 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 2015 жылғы 11 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі 2 парақта.

Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду



Комиссия мүшелері:


А.Т. Қадырбеков



С.К. Сабырбаева



Н.Ғ. Айғараев




Д.А. Нұрқанов



Е.Е. Арпабаев



М.Ж. Орынбаев




Т.А. Лигай



Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев

A handwritten signature in black ink, appearing to be 'ИМ', is written above a solid horizontal line. The signature is slightly slanted and has a small flourish at the end.